

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
комерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Студенттік өзін-өзі басқару туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Е ҚазҰАЗУ СӨӘБ- 407**

**Келісілді  
Сапа бойынша басшылық өкілі**

 **M. Алексеева**

**Алматы, 2024**

**Дайындағандар:**

П. Ибрагимов, А. Ералиева, А. Сманов

Осы Ереже студенттік өзін-өзі басқару Кеңесінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін, сайлаудың құрылымы мен тәртібін айқындайды.

Ереже университеттің Фылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурызыдағы №9 хаттама.

### **Мазмұны:**

|    |   |    |
|----|---|----|
| 1. | Жалпы ережелер.....   | 4  |
| 2. | СӨӨБ ұйымының негізгі мақсаттары мен міндеттері.....                            | 4  |
| 3. | Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының құрылымы.....                              | 6  |
| 4. | Сайлау өткізу тәртібі.....  | 7  |
| 5. | Студенттік өзін-өзі басқару кеңесі мүшелерінің<br>міндеттері мен құқықтары..... | 8  |
| 6. | Қорытынды ережелер.....   | 10 |

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Студенттік өзін-өзі басқару кеңесі (бұдан әрі - СӨӨБ) «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) білім алушыларының білім беру және тәрбие процесін басқаруға қатысу құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге, студент жастардың өмірлік белсенділігін маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, білім алушылардың бастамаларын қолдау және іске асыру мақсатында Басқарма Төрағасы - Ректордың қолдауымен құрылған және өз жұмысында СӨӨБ кеңесінің үйымы Жастар жұмысы жөніндегі Комитетке бағынады.

1.2 СӨӨБ университет студенттерінің тұрақты жұмыс істейтін өкілді және үйлестіруші органды ретінде құрылды, Университеттің студенттік өзін-өзі басқару туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту шенберінде білім алушылардың мұдделеріне сәйкес әрекет ете отырып келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: Қазақстан Республикасының Конституциясын; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын; Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының Тұжырымдамасын; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын; Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының Тұжырымдамасын; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқытын студент жастардың көрсеткен патриотизмі және белсенді азаматтық ұстанымы үшін марапаттау Қағидаларын»; Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы құрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді Жоспарын; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» КР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 Бұйрығын; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында тәрбие жұмысын үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №640 Бұйрығын; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында тәрбие жұмысын үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы»; «Жоғары және шығару Ережелерін, Студенттік жатақханалар туралы Ережелерді, Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп Ережелерін, Студенттік жатаханаға орналастыру және шығару Ережелерін және Университет білім алушыларының Арнамыс Кодексін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамаларымен, Университет Жарғысын, осы Ережені.

1.3 Университеттің СӨӨБ үйымы студенттердің оқуын, түрмисын, бос уақытын үйимдастыру бойынша өмірлік маңызды мәселелерді шешуде бастамашыл және дербес қызмет атқарады.

## **2. СӨӨБ ҮЙЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **2.1 Студенттік өзін-өзі басқару үйымының негізгі мақсаттары:**

- университеттің білім беру және жастарды тәрбиелеу сапасы саласындағы саясаты мен мақсаттарын іске асыру;

- студенттік өмірге байланысты жалпы мәселелерді өз бетінше шешуді қамтамасыз ету;
- студенттердің белсенді бөлігін бірлескен тәрбие қызметіне тарту;
- студенттік өзін-өзі басқарудың өкілді алқалы органы болу, жастар ортасында шығармашылық жұмысты жолға қою және жандандыру, рухани-адамгершілік атмосфераны қалыптастыруға ықпал ету

## **2.2 Студенттік өзін-өзі басқару үйымының негізгі міндеттері:**

- Қазақстан Республикасының жастар саясатын жүзеге асыру және оны жанжақты іске асыру жөніндегі шараларды іріктеу;
- жастарды өзін-өзі анықтауда және өмірлік құндылықтарды таңдауда, оның патриотизм рухында толық және үйлесімді дамуын қолдау;
- студент жастардың, оның ішінде олардың аз қамтылған бөлігінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- студенттік мәселелерді бірлесіп зерттеу және шешу, студенттік өзара іс-қимылды факультетаралық үйлестіру;
- білім алушылардың мәдени бос уақытын үйымдастыруға, салауатты өмір салтын насиҳаттауға, жастардың білім беру форумдарына, әлеуметтік маңызы бар жобалар конкурстарына, түрлі студенттік бірлестіктерге қатысуына тікелей қолдау көрсету;
- студенттердің профессор-оқытушылар құрамымен және университет әкімшілігімен көрінісін орнату;
- студенттердің көзқарастары мен пікірлерін зерделеу, әкімшілікке осы саладағы жағдай туралы жедел хабарлау;
- университеттің жастар, қоғамдық үйымдарының қызметін үйлестіру;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйымдастыруға жәрдемдесу және олардың ғылыми әлеуетін дамыту;
- студент жастардың құқыққа қарсы іс-қимылдарының алдын алу бойынша жұмыс жүргізу;
- қалалық, республикалық және халықаралық жастар үйымдарымен ынтымақтастық орнату;
- жанжалды жағдайларды шешуге және дауларды реттеуге қатысу;
- білім алушыларды университеттің студенттік жатақханаларына орналастыруға қатысу.

## **2.3 Университеттің студенттік өзін-өзі басқару қызметінің негізгі принциптері:**

- заңнаманы мұлтіксіз сақтау (занының қағидаты);
- университет білім алушыларының мүдделерін, қадір-қасиетін және пікірін құрметтеу (өзара сыйластық қағидаты);
- көпшілік пен азшылықтың пікірін құрметтеу (тендік принципі);
- шешім қабылдаудағы алқалылық, қабылданған шешімдердің орындалуы үшін өзара және жеке жауапкершілік (жауапкершілік қағидаты);
- жариялыштық, пікір бостандығы, пікірталас, келіссөздер арқылы туындастырылған қақтығыстарды шешу және компромиске келу (жариялыштық принципі);
- істерді басқару мен міндеттерді өз бетінше шешудегі тәуелсіздік (өзін-өзі басқару принципі).

### **3. СТУДЕНТТЕК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3.1 Университеттің СӨӨБ ұйымы өз қызметін Университет, факультет/жоғары мектеп басшылығымен және Жастар жұмысы жөніндегі Комитетпен үйлестіреді.

3.2 Университеттің СӨӨБ ұйымының жоғары басқарушы органы Кеңес болып табылады, онда СӨӨБ ұйымы шешімдері қабылданады, университеттің барлық жастар бірлестіктері мен ұйымдарының жұмыстары жоспарланады және олардың жұмыстарының қорытындылары шығарылады.

3.3 Кеңес төрағасы Университет ректоратының мүшесі болып табылады. Кеңес құрамына студенттік декандар, студенттік жатақханалардың студенттік кеңесінің төрағалары кіреді.

3.4 Университеттің СӨӨБ ұйымы Кеңесінің төрағасы, факультеттердің студенттік декандары оқуда озат, студент жастар мен профессорлық-оқытушылық құрам арасында беделге ие СӨӨБ ұйымы активі қатарынан 1 жылға жалпы дауыс беру арқылы сайланады.

3.5 Кеңес Университеттің СӨӨБ ұйымы қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлейді.

3.6 Кеңес Университеттің СӨӨБ ұйымы мүшелігіне қабылдау және одан айыру мәселелерін шешеді. Университеттің СӨӨБ ұйымы кеңесінің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Қашықтықтан оқытуға көшken жағдайда дауыс беру онлайн-режимде өткізіледі. Кеңестің шешімдері университеттің СӨӨБ ұйымының барлық бөлімшелері орындау үшін міндетті қаулылар, өкімдер түрінде ресімделеді.

#### **Факультеттің студенттік деканаты**

- Факультеттің студенттік деканаты факультеттегі СӨӨБ органы болып табылады.

- студенттік деканатты, сайлауда жасырын дауыс беру арқылы бір жылға сайланған студенттік факультет деканы басқарады. Өз міндеттерін орындаған жағдайда факультеттің студенттік деканын, Жастар жұмысы жөніндегі Комитет өкілдерінің қатысуымен факультет активінің жалпы жиналысында қайта сайланады.

- Студенттік декан факультет старостатының төрағасы болып табылады және факультетте деканмен, деканның оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

**Старостат** - факультет деканаты мен студенттік деканатты басқарудың бақылау - кеңесші органы. Старостатты факультеттің студенттік деканы басқарады. Старостат апта сайын өтеді. Оған факультеттің активі (факультеттің студенттер деканатының мүшелері, старосталар және белсенді студенттер) қатысады.

Старостатта оқу-тәрбие жұмысының барлық өзекті мәселелері, факультеттің студенттік деканатының алдында тұрған міндеттер қаралады және атқарылған жұмыстардың қорытындылары шығарылады.

#### **Топ старостасы**

Топ старостасы дауыс беру арқылы топ жиналысында тағайындалады және оны факультет деканаты бекітеді және курс старостасы мен оған сеніп тапсырылған топтың арасындағы байланысшы болып табылады. Өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда топтың старостасы топтың жиналысында қайта сайланады.

#### **Студенттік жатақханалардың студенттік Кеңесі**

- Студенттік жатақханалардың студенттік кеңесі (бұдан әрі - Студенттік кеңес) қоғамдық тәртіпті сақтайды, университет әкімшілігіне, тәрбие жұмысы жөніндегі

департаментке, жастар жұмысы жөніндегі Комитетке, Студенттік омбудсменге жатақханаларда тұратын білім алушылардың тәрбиелік, мәдени-бұқаралық, спорттық жұмыстарын үйлемдастыруға және тұрғын үй - тұрмыстық жағдайларын жақсартуға көмек көрсетеді.

- Студенттік кеңес өз жұмысында студенттік жатақхана менгерушісімен, деканмен, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі деканның орынбасарымен, университеттің жастар жұмысы жөніндегі Комитетінің жетекшісімен өзара қарым-қатынаста, байланыста болады.

- Студенттік кеңестің тәрағасы студенттік жатақханаларда тұратын білім алушылар арасынан сайлауда жасырын дауыс беру арқылы бір жылға сайланады. Өз міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда тәраға мен мүшелер Жастар жұмысы жөніндегі Комитет өкілдерінің қатысуымен жатақханаларда тұратындардың жалпы жиналышында қайта сайланады. Сандық құрамды жалпы жиналыш анықтайды.

- Студенттік кеңестің жаңынан Мәдени-бұқаралық, спорттық жұмыс, тұрғын үй-тұрмыстық мәселелер және санитарлық жағдай бойынша және т.б. секторлар жұмыс істейді. Студенттік кеңестің әр секторы жұмыс бейініне сәйкес факультеттің студенттік деканатының бөлімшелерімен байланысады.

- Студенттік кеңестің шешімдері студенттік жатақханаларда тұратын Тұрғындар үшін міндетті болып табылады.

#### **4. САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

Университеттің СӨӨБ үйлемінің жаңа құрамына сайлау Жастар жұмысы жөніндегі комитеттің көмегімен өткізіледі.

Барлық мүшелері кеңестер (студенттік декандар, студенттік жатақханалардың студенттік кеңесінің тәрағалары) оқу жылының басында жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Қашықтықтан оқытуға көшken жағдайда дауыс беру онлайн-режимде өткізіледі.

Жылына бір рет оқу жылының басында Кеңес конференция өткізеді (өткізеді (өткізу жылдың қорытындысын өткізу және студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау).

Дауыс беруге қатысу құқығы жасына және оқу курсына қарамастан университеттің барлық студенттеріне беріледі. Студенттік декан, студенттік жатақханалар Студенттік Кеңесінің тәрағасы ретінде өз кандидатурасын ұсыну құқығы университеттің барлық білім алушыларына беріледі.

Университеттің студенттік өзін-өзі басқару құрамына сайлауға үміткерлерді ұсыну өзін-өзі ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Студенттік өзін-өзі басқару сайлауына үміткер ретінде қатысқысы келетін білім алушы, Жастар жұмысы жөніндегі Комитетке белгіленген нысанда өтініш беруі керек. Құжаттарды тапсыру мерзімі - сайлаудың белгіленген күніне дейін күнтізбелік 2 (екі) күннен кешіктірілмей беріледі. Студенттік өзін-өзі басқару құрамына сайлауға қатысуға үміткерлердің саны шектелмейді.

Сайлау алдында әрбір кандидат университеттің студенттік өзін-өзі басқару құрамында өзінің болашақ қызметінің бағдарламасын дайындауды және көпшілік алдында ұсынады. Сондай-ақ, ақпараттық парақшаларды, университет сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланымдарды пайдалануға жол беріледі.

Кандидаттардың үгіт компаниясын өткізу тәртібі, сондай-ақ үгіт материалдарын орналастыру орындары Жастар жұмысы жөніндегі Комитеттің келісімі бойынша айқындалады.

Университеттің СӨӨБ ұйымының жаңа құрамына дауыс беру факультеттер бойынша бір күнтізбелік күн ішінде өткізіледі. Эр факультетке/жоғары мектеп деканатынан және Жастар жұмысы жөніндегі Комитеттен сайлау өткізуге жауапты адам тағайындалады. Дауыс беруді өткізу тәртібін (уақытын, аудиториясын және т.б.) жоғарыда аталған жауапты тұлғалар айқынрайды. Дауыс беру факультет/жоғары мектеп атынан өкілдік ететін кемінде екі бақылаушының қатысуымен өткізіледі.

Дауыс беруші бюллетеніде сайланатын Кеңес мүшелерінің санынан аспайтын кандидаттардың кез келген санын белгілейді. Сайланатындар санынан асатын кандидаттар саны белгіленген Бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыс беру қорытындысы Жастар жұмысы жөніндегі Комитет өкілдерінің байқауы кезінде шығарылады. Бюллетеніге енгізілген басқа кандидаттарға қатысты көпшілік дауыс жинаған кандидаттар сайланған болып саналады.

Сайлау нәтижелері туралы хаттамалар СӨӨБ реєсми тіркеу үшін Жастар жұмысы жөніндегі Комитетке жіберіледі.

Кеңес мүшесі Студенттік өзін-өзі басқару туралы Ережені бұзыған, осы Ережеде белгіленген міндеттерді жүйелі түрде сақтамаған, білім алушылардың Арнамыс Кодексін орындаған, Ішкі тәртіп Ережелері сақталмаған жағдайларда, не жеке өтініші бойынша мүшеліктен босатылады.

## **5. СТУДЕНТТИК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ**

Университеттің студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің негізгі функциялары Университет ректораты алдында студенттердің мүдделерін білдіру болып табылады:

- сапалы білім беруді ұйымдастыру;
- мәдени-демалыс жұмыстарын, жеке тұлғаны қалыптастыру бойынша әлеуметтік жұмыстарды ұйымдастыру;
- басқа жастар орталықтарымен, басқа жоғары оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқаруымен бірлесіп іс-шаралар ұйымдастыру;
- білім алушылардың қаланың, республиканың және басқа да жоғары оқу орындарының жастарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі түрлі іс-шараларына қатысуын ұйымдастыру;
- білім алушыларды моральдық және материалдық көтермелейу ұсыныстарын енгізу.

### **Кеңес мүшелерінің міндеттері мен құқықтары:**

- университеттің студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің беделін нығайтуға, оның қызметін дамытуға және жетілдіруге, университеттің имиджін және ҚазҰАЗУ білім алушылары атағына деген мақтаныш сезімін арттыруға ықпал ету;
- Кеңестің және тәрбие жұмысы жөніндегі Департаменттің, Жастар жұмысы жөніндегі Комитеттің қабылданған шешімдерін орындау;
- студенттік өзін-өзі басқару органдары мен оның мүшелерінің занды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерден бас тарту;
- Ғылыми кеңес пен ректорат отырыстарында студент жастармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;

- Университеттің жастар жұмысы жөніндегі Комитетімен оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзара байланысты жүзеге асыру;
- Университет басшылығынан университеттің СӨӨБ қызметін жеңілдешу үшін қажетті ресурстарды талап ету.

#### **Факультет студенттік деканының міндеттері мен құқықтары:**

- факультетте жастар саясатын жан-жақты жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізу;
- факультеттің студенттік деканаты қызметінде жалпы басшылықты жүзеге асыру, оның құрамын қалыптастыру, факультеттің студенттік деканаты секторларының тәрбие жұмысы жөніндегі бағдарламалар мен жоспарларды орындауды бақылау;
- жоғары тұрған органдардың шешімдерін орындау бойынша факультеттің студенттік деканатының жұмысын ұйымдастыру, Университеттің студенттік өзін-өзі басқару Кеңесі, Жастар жұмысы жөніндегі Комитет;
- стипендиялық қорды бөлуге қатысу, факультет деканымен бірлесіп үздік студенттерді атаулы стипендияларға ұсыну;
- өз отырыстарында факультет жастарының проблемалары мен өміріне қатысты барлық мәселелерді қарау, факультеттің студенттік деканаты мүшелерінің және факультеттің студенттік активінің атқарған және жүргізген жұмыстары туралы баяндамаларын, есептерін тындау;
- факультеттің барлық техникалық ресурстарын қоғамдық мақсатта пайдалану;
- студенттік жатақханаларда білім алушыларды орналастыруға қатысу, тұру ережелері мен нормалары бұзылған жағдайда факультеттің Ғылыми кеңесіне, факультет деканатына және жастар жұмысы жөніндегі Комитетке әкімшілік жазбалар бойынша ұсыныстар енгізу;
- факультет басшылығының алдында Университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушыларды моральдық және материалдық көтермеленеу, сондай-ақ әкімшілік және қоғамдық ықпал ету шараларын қабылдау туралы өтінішхат жазу;
- факультет басшылығымен, сондай-ақ факультеттегі университеттің жастар саясаты мәселелері бойынша факультеттің басқа бөлімшелерімен белгіленген тәртіппен байланысты жүзеге асыру;
- факультет студенттерінің атынан Университет басшылығына үндеу тастау;
- басқа факультеттердің студенттік деканаттарының басшылығымен белгіленген тәртіппен байланысты жүзеге асыру.

#### **Топ старостасының міндеттері мен құқықтары**

- курс старостасынан өзіне сеніп тапсырылған топтың назарына ақпарат пен міндеттерді жеткізу, сондай-ақ ол қойған міндеттердің орындалуын бақылау;
- курс старостасының назарына қажетті ақпаратты жедел ұсыну;
- факультеттің студенттік деканатының жұмысына барлық көмек көрсету;
- факультеттің студенттік деканатының кез келген жиналышына қатысу.

#### **Студенттік жатақханалар кеңесінің міндеттері мен құқықтары**

- студенттік жатақханаларда тұратын Тұрғындардың мәдени бос уақытын ұйымдастыру және өткізу;
- мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- студенттік жатақханаларда студенттерді орналастыруға, студенттік жатақханаларда тұратын өзін-өзі қызмет көрсетуді ұйымдастыруға, тұрғын

бөлмелер мен тұрмыстық үй-жайларда тәртіп пен тазалықты сақтау бойынша жұмыстарды орындауға жәрдемдесу;

- студенттерді өздері тұратын бөлмелерді ағымдағы жөндеуге, аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына тарту;

- үздік бөлмеге, қабатқа, секцияға байқау - конкурстар өткізу;

- қажеттілігіне қарай студенттік жатақханаларда тұратын Тұргындардың тұрмыс және демалыс мәселелері бойынша жалпы жиналышын шақыру;

- студенттік жатақханаларда ішкі тәртіп Ережелерін бұзушыларға қоғамдық ықпал ету шараларын қолдану: ескерту, сөгіс, көшіру, сондай-ак өрескел бұзушылық кезінде университеттен шығару туралы өтініш;

- студенттік жатақханаларда тұрғылықты жері мен жағдайына қатысты тұрғындарға сауалнама жүргізу және сауалнама жүргізу, одан кейін университет сайтында және факультеттердің ғылыми кеңестерінде сауалнама нәтижелерін жариялау.

## **6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

6.1 Студенттік кеңесті тарату тәртібін университеттің Ғылыми кеңесі айқындайды.

6.2 Университеттің студенттік өзін-өзі басқару кеңесі туралы ережеге түзетулер студенттер конференцияларында қаралады және белгіленген тәртіппен қабылданады.

6.3 Осы Ереже ол бекітілген құннен бастап күшіне енеді және ол белгіленген тәртіппен Басқарма Төрағасы - Ректоры күшін жойғанға дейін қолданылады.